**Ауданда 2010 жылы жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 қаңтардағы N 5 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 29 қаңтарда N 2-9-94 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қаңтардағы N 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2011.01.14 N 2 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабындағы 1-тармақтың 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабындағы, 20-бабына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылының 19 маусымының N 836 қаулысының бекітілген Ережесіне сәйкес, 2010 жылы Ескелді ауданының халқын жұмыспен қамту және ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлерін ұйымдастыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыссыз азаматтар және толық емес жұмыс уақыт режимімен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылып, жұмыс беруші ұйымдар мен қоғамдық жұмыстардың түрлерінің тізімі қосымшаға сәйкес бекітілсін. Көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (М.Б. Тілеуберген):

Қоғамдық жұмысқа жіберілуге келісім білдірген жұмыссыз азаматтар мен жұмыс берушілер арасындағы келісім-шарттардың дер кезінде жасалып, орындалуын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің бірінші орынбасары Қ. Әлібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күнөткеннен кейін қолданысқа енеді.

*Аудан әкімі С. Дүйсембінов*

Ескелді аудан әкімдігінің 12 қаңтардағы 2010 жылғы

"Ауданда 2010 жылы жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 5 қаулысына қосымша

## Жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылып, жұмыс беруші ұйымдар мен қоғамдық жұмыстардың түрлерінің тізімі

| Р/с | Жұмыс берушілер атауы | Ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері | Жұмысқа қатысушылардың саны (адам) | Толық емес жұмыс уақыт режимі | Қаржыландыру көздері, еңбегіне төленетін ақының мөлшері | Барлығы (теңге) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жергілікті аудандық бюджеті | |
| | | Елді мекенді күл-қоқыстан тазарту; арық жүйелерін тазарту; көріктендіру және көгаландыру; "Жастар" стадионының айналасы; ағаш және гүл отырғызу; жол бойындағы ескі ағаштарды кесіп; жолдар мен тротуарларды, қоршауларды ұқыпты ұстау; апатты күл қоқыстарды тазарту;оларды қолмен тиеп, түсіру; тарихи-архитекторлық ескерткіштер мен кешендерді қалпына келтіруге көмектесу. Шымыр, Абай, | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қарабұлақ кент округінің әкімдігі | Байысов, Ешке-өлмес елді мекендерін күл-қоқыстан тазарту; Қарабұлақ-Талдықорған-Қарабұлақ, Байысова-Алдабергенова, тас жолдарының бойындағы ескі ағаштарды кесу әктеу, жол шетіндегі шөпті шабу; Мал, адам санағына көмектесу; сайлаушылардың тізімін іріктеу және жаңарту: жол бойындағы аялдамаларды әктеу, сырлау; Қарабұлақ кенттік округінің жас өспірімдер аулалық клубтарында ұстаз - тәрбиеші; иесіз қалған үй тізімдерін анықтап, сотқа құжаттар дайындау; атаулы әлеуметтік көмекке құжаттар жинауға, 18-жасқа дейінгі жәрдемақыларға құжаттар жинауға, тұрғын үй көмегіне құжаттар жинауға көмектесу. | 134 | 4 сағат | 14952 | 5574384 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 134 | | | 5574384 |
| 2 | Ескелді аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім | Іс құжаттарды реттеу; әскерге баратындарды шақыру; | 20 | 3 | 14952 | 897120 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | БАРЛЫҒЫ: | 20 | | | 897120 |
| 3 | Алдабергенов ауылдық округінің әкімдігі | Еңбек ерлер Батырлар аллеясын тазарту, гүл отырғызу, оны күнделікті суғару, баптау жұмысын жүргізу; Алдабергенов, Жаналық, Жастар ауылдарын көгалдандыру, тазарту және күл қоқыстан қолмен тиеп шығару; соғыс ардагерлер обелискін ақтау, тазарту, көгалдандыру, гүл егу оны күнделікті баптау; жаңа отырғызған шыршаларды суғару, баптау; Шатыбеков көшесіндегі арықты, көпірлерді қоқыстан тазарту және бітелген жерлерін қолмен қазу шығару; Алдабергенов ауылында Ескелді би, Ленин, Шұбар, Қарабай, Жамбыл, Амангелді көшелерін күнделікті сыпырып, қоқысты колмен шығару; Алдаберген-Жастар, Алдаберген-Қарабұлақ трасса бойының қоқысын тазалау, шөбін шабу, ағаштарын ақтау; Алдабергенов ауылындағы мұсылман және христиан бейіттерін айналасын тазалау; | 30 | 3 | | 1345680 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Алдаберген-Жаналық жолы бойын (3 км) тазалау, шөбін шабу; стадион маңайын қоқыстан тазарту және оны шығарып өртеу; Қусақ өзені бойындағы қоқысты тазалау; Алдаберген, Жаңалық, Жастар ауылындағы су башнясы бойындағы қоқысты тазалау, шөбін шабу; Алдаберген ауылындағы Еңбек Ерлер аллеясын, Соғыс ардагерлер обелиск аллеясындағы парктерді тазалау, шөбін шабу, тырмалау; Жастар ауылындағы Нұрланов көшесін қоқыстан тазалау, сыпыру; Жаңалық ауылындағы Нұрманбетов көшесін қоқыстан тазарту, сыпыру. | | | 14952 | |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 30 | | | 1345680 |
| | | Орынсыз төгілген қоқыстарды тазарту; Көксу өзенінің бойындағы, ауыл ішіндегі, шеттердегі, иесіз жерлерде жиналған қоқыстарды шығару; Қонаев көшесі, Абай көшесіндегі декаративті қоршауларды жөндеу; ауыз су алу қондырғысының ғимаратын әктеу, төңірегін тазалау; Ұлы Отан соғыс | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ардагерлеріне көмек көрсету, үйін әктеп беру, бау бақшасына көмектесу, қысқа отын дайындау, үйінің төңірегін тазалау; ауыл әкімшілігі ғимаратының төңірегіне гүл, ағаш егу, өсіру; автобус аялдамаларын тұрақты түрде тазалап тұру, әктеу сырлау; көктемгі күзгі уақыттарда әскери қатарына шақыру кездерінде көмек көрсету; Ұлы Отан соғыс кездерінде тылда жұмыс жасаған және жалғыз басты карттарға көмек көрсету, үйін әктеу, бау бақшасын тазалау, қысқа отын дайындау, үйлерінің төңірегін тазалау; ауыл тұрғындарының мал басын санақтан өткізу; қоқыс төгілген жерлерді тәртіпке келтіру, арық жүйесін тазалау, жазғы уақытта көше бойындағы шөпті шабу, көпшілік жүретін жерлерді тазалау (Бақтыбай ауылы, Елтай ауылы, Өтенай ауылы); орталық мәдениет үйінің алдында гүл егу төңіректерін | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Бақтыбай ауылдық округінің әкімдігі | тазалау, ғимарат бөлмелерін әктеу, сырлау, ағаштардың арасын санитарлық тазалықтан өткізіп, құрғақтарын шабу; орталық балабақша ғимаратының төңірегін тәртіпке келтіру, ағаштарын кесу, қоршауларын реттеу т.б. жұмыстар; орталық спорт алаңын тазалау; Қонаев көшесі бойындағы декаративті темір қоршауды сырлау; жол бойындағы жабайы өскен бұтақтарды шабу; Бақтыбай ауылы, Өтенай ауылы, Ескелді ауылы белгілерінің төңірегін тазартып шығару, сырлау; Бақтыбай, Елтай, Өтенай ауылдарындағы бағаналарды әктеу; Үкмет тарапынан бөлінген қаржыға сатып алып егілген жеміс-жидек ағаштарын күтіп баптау; Соғыс ардагерлер обелискінің төңірегін тұрақты тазалап күту; Бақтыбай Жолбарысұлына қойылған ескерткішті тазалап реттеу, әктеу, сырлау, шөбін шабу; Алматы- | 30 | 3 | 14952 | 1345680 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Талдықорған даңғылындағы 248-254 км. аралығын тұрақты тазалау; орталық су құбырының істен шыққан жерлерін жөндеуге көмектесу, санитарлық тазалық ретінде ауылдағы қураған, жабайы өскен ағаштарды кесіп тазалау; қоқыс төгетін жерлерді қалпында тазалап ұстау. | | | | |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 30 | | | 1345680 |
| 5 | Қайнарлы ауылдық округінің әкімдігі | Көшелерді күл-қоқыстан тазарту (Қайнарлы ауылы, Ақтасты ауылы); арық жүйелерін тазалау (Қайнарлы, Ақтасты); жолға қисайып өскен және электр сымдарына тиіп тұрған ағаштарды кесіп, жалғыз басты қарттарға жеткізіп беру; ағаш отырғызу, гүл егу, ауылды көгалдандыру; мәдениет үйінің, әкімшіліктің, аялдамаларыдың айналасын тазалап күл-қоқысты қолмен тиеп полигонға шығару; жол жиегіндегі ағаштардың төмен жағын әктеу; ҰОС ардагерлерінің, жалғыз басты зейнеткерлердің үйлерін әктеп, | 15 | 3 | | 672840 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ауласын тазартып, қоқысын шығару, көктем-күз айларында бақшаларына көмектесу. (Қайнарлы, Ақтасты, Қоржынбай) ауылдары; иесіз қалған үйлердің айналасын тазалап, қоқыстарын шығару. | | | 14952 | |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 15 | | | 672840 |
| | | Бұзылған ғимараттардың, үйлердің орнын жиыстыру (80 саны); күл-қоқыстарды жинап шығару; Ақын Сара, Ақ-Ешкі, Тамбала, Ақ-Тұма ауылдарының су құбырын ағымды | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Ақын Сара ауылдық округінің әкімдігі | жөндеу жұмыстарын жүргізу; жол, көше бойындағы талдарды әктеу; бағаналарды әктеу; көшет отырғызу; ауыл ішіндегі арықтарды тазалау; орталық аллеяны көркейту; әскери шақыру қағазын тарату; жол жиегіндегі, көше бойындағы арам өскен шөптерді шабу; ескерткіштерді әктеу, тазалау; Ақын Сара кесенесі маңайын тазалау, әктеу көркейту; Адам санағы мен мал санағын жүргізу; шаруашылық кітаптарды санақтан кейін толықтырып жазу; жалғыз басты карттарға көмек көрсету; спорт алаңын тазалау; әкімшілік, мәдениет үйінің төңірегін тазалау; орталық аллеяның қасындағы шыршаны, көшетті, гүлді суғару; Ақын Сара, Ақ-Ешкі, Тамбала, Ақ-Тұма ауылының бұзылған су құбырларын жөндеуге көмектесу. | 15 | 3 | 14952 | 672840 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 15 | | | 672840 |
| | | Елді мекенді күл-қоқыстан тазарту; арық жүйелерін | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Қоңыр ауылдық округінің әкімдігі | тазарту; ағаш және гүл отырғызу; жол бойындағы ескі ағаштарды кесу; жолдар мен тратуарларды, қоршауларды ұқыпты ұстау; күл-қоқыстарды тазарту; бос қалған үйлердің орнын тазалау және күл-қоқысын қолмен тиеп шығару; түсіру автобус аялдамаларын тұрақты тазалау; әскерге шақыру кезінде көмек көрсету; мал, адам санағы кезінде көмек көрсету; жалғыз басты қарттарға мүгедектерге қысқа отын жинауға көмек көрсету; жол бойындағы аяладамаларды әктеу, сырлау; | 15 | 3 | 14952 | 672840 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 15 | | | 672840 |
| | | Елді мекенді күл-қоқыстан тазарту; арық жүйелерін тазарту; ағаш және гүл отырғызу; Текелі трассасы бойындағы ескі ағаштарды кесіп әктеп оларды қарт адамдарға отынға беру; жолдар мен тратуарларды, қоршауларды ұқыпты ұстау; | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Төлеңгіт ауылдық округінің әкімдігі | Момышұлы, Досқожанова, Абай, Жамбыл, Алтынсарин Айдаболова, Даирова Құрманғазы көшелерін күл-қоқыстардан тазарту; жол бойындағы ағаштарды әктеу, қоқыстарды тазалау, қолмен тиеп шығару, түсіру; Жеңдік ауылындағы орталық көше, "Қаратал" профилакториясына баратын жол бойындағы ағаштарды кесу; иесіз қалған үйлердің орнын тазалау; жалғыз басты зейнеткер мен мүгедектерге көмек; Екпінді ауылында 1,0 км. емен мен шарбақтар тоқу; әскерге шақыру кезінде көмек көрсету; мал, адам санағы кезінде көмек көрсету; жалғыз басты қарттарға мүгедектерге, ҰОС ардагерлеріне қысқа отын жинауға көмек көрсету; жол бойындағы аялдамаларды әктеу, сырлау; | 20 | 3 | 14952 | 897120 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 20 | | | 897120 |
| | | Елді мекенді күл-қоқыстан тазарту; арық жүйелерін тазарту; | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Көкжазық ауылдық округінің әкімдігі | ағаш және гүл отырғызу; жол бойындағы ескі ағаштарды кесіп, қарт адамдарға отынға беру; жолдар мен тратуарларды, қоршауларды ұқыпты ұстау; мал, адам санағы кезінде көмек көрсету; күл-қоқысын қолмен тиеп шығару; әскерге шақыру кезінде көмек көрсету. су жүргізетін құбырларды және құдықтарды тазалау; жол бойындағы аялдамаларды әктеу, сырлау; жалғыз басты карттарға, ҰОС ардагерлері мүгедектерге қысқа отын жинауға көмек көрсету; | 20 | 3 | 14952 | 897120 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 20 | | | 897120 |
| | | Ауылдың аулаларын тазалау; тазалықты сақтау; гүлзарлар жасау; ағаш отырғызу; жол бойындағы ауыл ішіндегі ағаштарды бұтау; жолдың жағасын сыпырып, тазалап ағаштарды әктеу; жолдың бойындағы қураған ағаштарды кесу; ауыл ішіндегі көпірлерді жөндеу; ауыл маңайындағы арықтар мен тоғандарды | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Сырымбет ауылдық округінің әкімдігі | тазалау; жол бойындағы аялдамаларды жөндеу; бұзылған үйлердің орнын тегістеп ретке келтіру; жалғыз басты, қамқорсыз қарттардың аулаларын тазартып, қарын күреу; ауыл әкімшілігі мен мәдениет үйінің ауласын тазартуға отын жағып тұруға аман есен сақтауын қадағалап тұруға; ауыл округін аралау, мал санағын өткізуге. | 20 | 3 | 14952 | 897120 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 20 | | | 897120 |
| 11 | Жалғызағаш ауылдық округінің әкімдігі | Елді мекенді күл-қоқыстан тазарту; арық жүйелерін тазарту; ағаш және гүл отырғызу; Қарабұлақ-Қоғалы трасса бойындағы ескі ағаштарды кесу, шөптерді шабу; жолдар мен тротуарларды, қоршауларды ұқыпты ұстау; бос қалған үйлердің орнын тазалау және күл-қоқысын қолмен тиеп шығару; ҰОС ардагерлеріне арналған ескерткіш маңын тазалау; жалғыз басты зейнеткер мен мүгедектерге көмек; әскерге шақыру | 15 | 3 | | 672840 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кезінде көмек көрсету; мал, адам санағы кезінде көмек көрсету; жалғыз басты қарттарға мүгедектерге, ҰОС ардагерлеріне қысқа отын жинауға көмек көрсету; жол бойындағы аялдамаларды әктеу, сырлау. | | | 14952 | |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 15 | | | 672840 |
| | | Қаратал, Теректі ауылының орталық көлік жүретін жолдардың аумағын, қараусыз қалған үйлердің аумағын тазалау; Қаратал, Теректі ауыл аумағын тазалау, жабайы өсіп кеткен ағаштарды кесу, арық суғаратын жүйесін тазалау; елді мекенді, ескерткішті көгалдандыру, | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Қаратал ауылдық округінің әкімдігі | көркейту, көшеттерді отырғызу, ағаштарды, столбтарды әктеу; соғыс ардагерлерінің, қарттардың ағымды жөндеуге, үйлердің маңайын тазалауға, көркейтуге көмек көрсету; қоқсықты тиеп және орнына апару; орталықтағы гүл газондарын тазалау, гүл тұқымын себу; соғыстан қайтыс болғандардың обелискін жөндеу жұмысын өткізу; Қаратал, Теректі ауылында қараусыз қалған үйлердің аумағын тазалау; Қаратал, Теректі ауылында мал, Адам санағын жүргізу; әскери бөлімінің шақырту қағазын тарату; Қаратал ауылының орталық алаңын күнделікті тазарту, көркейту. | 14 | 3 | 14952 | 627984 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 14 | | | 627984 |
| | Жергілікті қоғамды | Әлеуметтік аз қамтамасыз етілген азаматтарға, мүгедек жандарға, жастарға және оралмандарға компьютер игеруді үйрету, балаларға мемлекеттік тілді, жазуды, сондай-ақ компьютермен танысып, игеруді | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | оқыту Ескелді орталығы | үйрету; жұмыс табуға қиналған азаматтарға, кәсіби оқуға қалай жолдама алуға болатындығы жайлы көмек көрсетіп кеңес беруге; босаған жұмыс орындары жайлы тұрғындарға ақпарат жасау. | 4 | 3 | 14952 | 179424 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 4 | | | 179424 |
| 14 | Алматы облыстық ерікті мүгедек-балалар қоғамы | Мүгедек балаларға және отбасыларына әлеуметтік заңдылық көмек; | 2 | 3 | 14952 | 89712 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 2 | | | 89712 |
| 15 | Аудандық кітапхана | Жыртылған кітап беттерін жерімдеу, сыртын түптеу; Кітап қорын тексеруге көмектесу; Каталог жұмыстарын жөндеу. | 2 | 3 | 14952 | 89712 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 2 | | | 89712 |
| 16 | "Демеу" мүгедектер қоғамы | Мүгедектер отбасыларына қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсету. | 2 | 3 | 14952 | 89712 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 2 | | | 89712 |
| 17 | Зейнетақы төлеу орталығының Ескелді аудандық бөлімшесі | Зейнеткерлерге, және зейнетақы, жәрдемақы алушы оралмандарға құжаттарын толтыруға; өте қартайған зейнеткерлерге, мүгедектерге және оралмандарға зейнетақы, жәрдемақы тағайындау үшін, тиісті құжаттарының | 2 | 3 | | 89712 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көшірмесін түсіру үшін, аудандық поштадан және халық банкінен шот ашуына көмектесулері үшін қажет. | | | 14952 | |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 2 | | | 89712 |
| | | БАРЛЫҒЫ: | 360 | X | X | 16148160 |

*Ескелді ауданының әкімі* *С. Дүйсембінов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК